

Өз арманыңды жүзеге асыр!

Талапкерлер үшін немесе болашақта халықаралық қатынастар саласының нағыз маманы болып шығуды армандап жүрген жас түлектерге, **М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университетінің «Заңтану және халықаралық қатынастар» факультетінің «Халықаралық қатынастар және саясаттану» кафедрасында білім алып, өз арманын іске асыруға мүмкіндігі бар. Аталған кафедраның жоғары білікті профессор оқытушылар құрамы жан жақты білім беруге әлеуетті.**

Білім алу барысында студенттерге «Геосаясат негіздері», «Халықаралық саяси процестер және адам құқығы», «Әлемдік экономика және халықаралық экономикалық қатынастар», «Әлемдік интеграциялық процестер», «Халықаралық тәртіп: теория және тәжірибе», «Трансұлттық корпорациялар және әлемдік саясат», «Саяси көшбасшылар және олардың әлемдік саясаттағы рөлі» және т.б. бағыттар бойынша арнайы курстар оқытылады. Оқыту процесін 2 университет профессоры, 2 ғылым докторы, 11 ғылым кандидаттары жүзеге асырады. Сонымен қатар 2013-2014 оқу жылынан бастап ағылшын тілінде оқыту жүзеге асырылып келеді. Ол үшін арнайы

ағылшын топтары құрылып, ол топтарда оқыту тек ағылшын тілінде жүргізіледі. Ағылшын тілімен қоса «Халықаралық қатынастар» мамандығында оқитын студенттер қосымша тағы бір шет тілін меңгеруге мүмкіндік алады. Оқытуды университет қабырғасында жүріп, ақысыз игеруге бар жағдай жасалған. Университетте «Тілдерді дамыту орталығы» жұмыс атқарады, ол жерде БҰҰ ресми тілдерімен қоса басқа да әлемде жоғары сұранысқа ие тілдер, жалпы саны он бес тіл оқытылады. Оқытуды сол тілдерді жетік меңгерген және тиісті шет елдерде тәжірибеден өткен мамандар жүзеге асырады. Шет тілін жетік меңгерген және оқуды озат

оқыған студенттер «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасы бойынша «Болон процесіне» мүше мемлекеттердің жетекші ЖОО да бір семестр бойында білімдерін арттыруға мүмкіндік алады.

Біздің түлектер Сыртқы істер министрлігінде, шет елдердегі еліміздің елшіліктерінде, ішкі және сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарда, түрлі деңгейлердегі әкімдіктерде, сонымен қатар ұлттық және шетелдік компанияларда, халықаралық ұйымдарда қызмет атқара алады.

Қадірменді түлектер, дана бабаларымыз «Көп естігеннен бір көрген артық» дегендей, ОҚМУ ға келіп оқуға түсіп жоғарыда айтылғандардың бәріне өздеріңіз жеке көз жеткізу мүмкіндігін жіберіп алмаңыздар.

Сәкен МӘЖІНБЕКОВ,
М. Әуезов атындағы ОҚМУ
«Халықаралық қатынастар
және саясаттану»
кафедрасының
меңгерушісі,
Жандос СӨРСЕНБЕКОВ,
аға оқытушы, магистр